

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Филология факультеті
Түркітану және тіл теориясы кафедрасы

Lat 6306

«Лингводидактика және мәтін адаптациясы»
пәні бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы: 7М02307 Лингвистика
Оқу сатысы: магистратура

Курс – 2
Семестр – 3
Кредит саны – 5

ПҚЕБ дайындаған: Түркітану және тіл теориясы кафедрасының аға оқытушысы, PhD
Исмайлова Н.А.

7M02307 Лингвистика білім беру бағдарламасы негізінде әзірленді.

Түркітану және тіл теориясы кафедрасының мәжілісінде қарастырылған және ұсынылған
«09» қаңтар 2026 ж., №5А хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ Р.А. Авакова

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты: □ Тілді зерттеу саласында жаңа идеяларды, мәселелерді, тәсілдерді және үрдістерді сыни тұрғыдан талдап, бағалап, синтездеп, жаңа ғылыми гипотезалар мен шешімдер ұсына білу, түпнұсқалық ғылыми зерттеу жүргізу арқылы жаңа мақсаттар мен білімді қалыптастыру.

□ Лингвистикалық зерттеу процедурасына сәйкес алынған деректерді жинау, өңдеу және интерпретациялау; қазіргі заманғы лингвистика саласындағы сенімді дереккөздермен жұмыс істей білу.

□ Лингвистиканың перспективалық бағыттарына бағытталған ғылыми мәселелер бойынша дербес зерттеу жүргізіп, нәтижелердің түпнұсқалығын, жаңалығын және дәлдігін қамтамасыз ету.

□ Ғылыми-зерттеу нәтижелерінің валидтілігі мен дәлдігіне сүйене отырып, өз ұстанымдарын қорғау және қарсы пікір білдірушілерді дәлелмен сендіру; ғылыми әдебиеттерге шолу жасау кезінде негізгі және қосалқы ойларды ажырата білу.

□ Тілді сипаттау, салыстыру әдістемесі мен лингвистика дамуының күрделі мәселелерін бағалау, кәсіби және әлеуметтік салалардағы инновациялық қызметтің нәтижелерін болжай білу, оларды ғылыми қорытынды мен ұсыныс түрінде рәсімдеу; тілді әмбебап құбылыс және нақты тілдер ретінде талдаудың түрлі әдістерін тәжірибеде қолдану.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

1.1 Негізгі ұғымдар мен терминдерді саралап, түсіндіреді.

1.2 Лингвистика әдістемесінің құрылымдық ұйымдасуын зерттеуге бағытталған негізгі бағыттардың дамуының ерекшеліктерін айқындайды.

2.1 Терминдердің өзара байланысы мен өзара тәуелділігін анықтайды.

2.2 Лингвистиканың әртүрлі бағыттарындағы терминологиялық жүйелердің ерекшеліктерін анықтау мақсатында теориялық-әдіснамалық қағидаларды қолданады.

3.1 Тілдік бірліктерді талдау әдістемесін меңгерген.

3.2 Пәннің негізгі ұғымдарын меңгерген.

4.1 Ғылыми-зерттеу қызметінде және оқу-әдістемелік үдерісте жасанды интеллектті, компьютерлік бағдарламалар мен технологияларды қолданады.

4.2 Қазіргі лингвистика бағыттары бойынша метатіл мәселелерін дербес зерттеп, нәтижелердің түпнұсқалығын, жаңалығын және дәлдігін қамтамасыз етеді.

5.1 Лингвистиканың түрлі бағыттарындағы метатіл мен терминдердің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын талдау нәтижесінде теориялық қағидаларды қалыптастырады.

5.2 Таңдалған бағыт бойынша магистрлік диссертация жазу, ғылыми мақала, эссе, презентация, рецензия дайындау барысында пәннің категориялық аппараты мен метатілін қолданады.

Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар.

1-МОДУЛЬ. Лингводидактика

1. «Лингводидактика және мәтінді бейімдеу» пәні: мақсаттары, міндеттері, оқу цикліне енгізудің қажеттілігі. Лингводидактиканың әдіснамалық негіздері. «Дидактика», «Лингводидактика» ұғымдарын нақтылау.
 - Ғылым тарихына шолу және оның пәндік құрылымы. Тіл – ерекше таңбалық жүйе ретінде. Адамның танымдық қызметіндегі тілдің рөлі.
 - Тілдің негізгі анықтамалары. Тілдің қызметтерінің мәні.
2. Лингводидактика – шетел тілдерін оқыту теориясы ретінде.
 - Лингводидакттардың тілдің әлеуметтік табиғаты туралы көзқарастары.
 - Лингвистикалық теориялар және олардың лингводидактикаға ықпалы.
3. Лингводидактиканың зерттеу кеңістігі.
 - Лингводидактиканың логикалық құрылымы.
 - Лингводидактиканың теориялық, теориялық-практикалық және практикалық

негіздері.

– Лингводидактиканың жалпы және жекелеген онтологиясы.

4. Тілді оқу тәжірибесімен байланыста сипаттаудың лингводидактикалық аспектілері.
 - Тілді сипаттаудың әдістемелік аспектісі.
 - Лингводидактиканың социокогнитивтік және лингвопсихологиялық аспектілері.
5. Тілді сипаттаудың педагогикалық және психологиялық аспектілері.
 - Психолингвистикалық аспект.
 - Шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлаудың лингводидактикалық аспектілері.
 - Аудармашыны кәсіби даярлаудың лингводидактикалық аспектілері.
6. Тілді сипаттаудың теориялық лингвистика аспектісі. Дидактолингвистикалық аспект.
 - Фонетика, грамматика, лексикамен жұмыстың лингводидактикалық аспектілері.
 - Тілдің синтаксисімен жұмыстың лингводидактикалық аспектілері.
7. Негізгі лингводидактикалық қағидалар.
 - Тілдік және сөйлеу бірліктерін лингводидактикалық сипаттау. Шетел тілін оқыту үдерісіндегі тіл мен сөйлеу бірліктерін сипаттау мәселелері.
 - Тілдік және сөйлеу бірліктерінің коммуникативтік құндылығы мен дидактикалық маңызын сипаттау.
 - Ауызекі (сөйлеу) және дидактикалық (оқыту) сөйлеуді лингводидактикалық сипаттау.
8. Компьютерлік лингводидактика – қазіргі лингводидактиканың бір бөлігі ретінде.
 - Компьютерлік лингводидактиканың шетел тілін оқыту әдістемесіндегі орны.
 - Компьютерлік лингводидактиканың негізгі ұғымдары мен терминдері. Компьютерлік лингводидактиканың даму тарихы.

2-МОДУЛЬ. Мәтін лингвистикасы және мәтінді түрлендіру

9. Мәтін. Мәтін лингвистикасы.
 - Мәтіннің лингвистикалық табиғаты.
 - Мәтіннің негізгі белгілері мен категориялары.
 - Мәтін лингвистикасының даму бағыттары.
10. Мәтіннің типтері мен түрлері.
 - Мәтіннің ақпараттылығы мен модальділігі.
 - Мәтіннің байланыстылығы мен тұтастығы.
11. Мәтінді түрлендіру және бейімдеу.
 - Мәтінді бейімдеудің түрлері.
 - Екіншілік мәтіндер мен екіншілік мәтіндік әрекеттерді түсіну.
12. Бейімделген мәтін – мәтіннің екіншілік түрі ретінде.
 - Бейімделген мәтіндердің құрылымдық, композициялық, синтаксистік және номинативтік сипаттамалары.
 - Бейімделген мәтіндердің семантикалық сипаттамалары: қарапайымдату, денотатты экспликациялау және амплификация моделі.
13. Көркем шығармаларды бейімдеудің тәсілдері мен критерийлері.
 - Ертегілерді тілдік деңгейлерге бөлу және олардың бейімделуі.
 - Көркем шығармаларды тілдік деңгей бойынша жіктеу және бейімдеу.

14. Публицистикалық және ғылыми мәтіндерді бейімдеудің ерекшеліктері.
 - Газет мәтіндерін бейімдеу.
 - Ғылыми мәтіндерді бейімдеу.
15. Жасанды интеллект және мәтінді бейімдеу мәселесі.
 - Бейімделген мәтіндер корпусын құру.
 - Мәтінді бейімдеуді автоматтандыру мәселесі.
 - «Мәтінді бейімдеу және тіл деңгейі мәселесі» тақырыбында баяндама дайындау.

Әдебиеттер:

1. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 1981. – 148 с.
2. Kurt T.H. Adapting Authentic Materials in ELT. Material design in ELT. –2021. – pp. 117-150.
3. Мәмбетова М.Қ., Қарымхан А., Нұрланғазықызы Б. Бейімделген мәтіндер табиғаты: тілді үйретуде қолданылуы. Монография. – 2024. – 162 б.
4. Сорокин Ю.А. Психолингвистические аспекты изучения текста. – М.: Наука, 1985. – 166 с.
5. Hafizov A.A. The linguodidactic potential of using authentic texts in teaching foreign language education. Oriental Renaissance: innovative, educational, natural and social sciences. – 2021. – № 1(5). – pp 817-826.
6. Первухина С.В. Адаптированный художественный текст: способы повышения понятности / С.В. Первухина // Вестник Челябинского государственного университета. – М., 2011. – №25. – С. 130-134.

Словари:

1. <http://tapemark.narod.ru/les/> Лингвистический энциклопедический словарь. Главный редактор В.Н. Ярцева. – М., 1990.
2. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Мадиева Г.Б., Авакова Р.А. и др. Словарь по языкознанию. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998.

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІКНҰСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ АУЫЗША OFFLINE

2.1. Емтихан формасы: Offline стандартты ауызша . **Платформа:** Univer АЖ

2.2. Ауызша емтиханның мақсаты: пәнді оқу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, өз ойларын ауызша түрде нақты жеткізе білу, өз көзқарасын дәйекті түрде дәлелдеу.

2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

Ауызша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақ болады:

1-ші сұрақ:

1- критерий. Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу; сипаттау мен түсіндірудің қисындылығы. 2- критерий. Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіндіру және растау.

2- сұрақ:

3- критерий. Тандалған әдістеме мен технологияны Ауызша практикалық тапсырмаларға қолдану.

4- критерий. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені шешу және мәнін ашу.

3-ші сұрақ:

5- критерий. Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және Ауызша сыни талдау.

6- критерий. Алынған нәтиженің өз тәжірибесімен негіздеуі.

2.4. Емтихан өткізу рәсімі.

2.4.1. Стандартты ауызша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

3. Ауызша offline емтихан өткізуді ұйымдастыру

3.1. Ауызша емтихан білім алушыларға пәнді оқу барысында меңгерген оқу нәтижелерін, дағдылары мен құзыреттіліктерін, өз ойларын дауыстап логикалық түрде жеткізе білу, өз көзқарасын дәлелді түрде дәлелдей білу қабілетін көрсетуге мүмкіндік береді.

3.2. Дәрістер, семинарлар, практикалық және зертханалық сабақтар өткізу әдістемесі студенттердің Ауызша емтихан тапсыруға дайындығын қамтамасыз етуі керек. Егер оқытушы қорытынды бақылау үшін Ауызша емтиханды таңдаса, онда формативті бағалаулардың бірі (АБ1 немесе АБ2) Ауызша емтихан түрінде өткізілуі керек (қорытынды бақылауда АБ сұрақтарының қайталануынсыз).

3.3. Дәріскер пәннің силлабусына сәйкес оқу бағдарламасының материалын қамтитын сұрақтардың (үлгілік міндеттердің) тізбесін жасайды және оларды Univer жүйесінің «Сұрақтар» қосымшасына жүктейді. Сұрақтардың (үлгілік міндеттердің) тізбесі сессия басталғанға дейін екі айдан кешіктірілмей кафедра отырысында талқыланып, бекітілуі тиіс.

3.4. Билеттегі сұрақтар саны үштен кем емес және бестен аспауы тиіс. Билеттер саны бір мезгілде емтихан тапсыратын білім алушылардың ең көп санынан асуы тиіс.

3.5. Билеттің әрбір сұрағы үшін барлық бағалауды пән оқытушысы Univer жүйесіндегі «Сұрақтар» қосымшасында сұрақтар қалыптастыру кезінде белгілейді.

3.6. Ауызша емтиханның ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы керек. күніне 25 адамнан аспайтын Ауызша емтихан тапсыруға жол беріледі.

3.7. Ауызша емтихан өткізілетін аудиторияда бір уақытта 5-тен аспайтын емтихан тапсырушы болуы мүмкін. Ағымдағы топтың қалған емтихан тапсырушылары факультет ғимаратынан шықпай-ақ емтихан өткізу аудиториясынан тыс жеке шақыруды күтеді.

3.8. Ауызша емтихандар бейнекамералары бар аудиторияларда өткізілуі керек. Түсірілген бейнематериал емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде ІТ инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету департаментінде сақтауда болады.

4. Ауызша емтихан өткізу тәртібі

4.1. Ауызша емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі. Кестеде көрсетілген емтихандарды Жағдаяттық басқару орталығының келісімінсіз басқа күндер мен сағаттарға, сондай-ақ басқа аудиторияларға ауыстыруға тыйым салынады.

4.2. Емтихан өткізу аудиториясына кірген кезде білім алушы емтихан қабылдаушыға жеке куәлігін көрсетуге және келу парағына қол қоюға міндетті.

4.3. Емтихан кезінде билетке жауап беру аяқталғанға дейін тұруға және/немесе орын ауыстыруға, аудиториядан шығуға тыйым салынады.

4.4. Ауызша емтихан кезінде емтихан билетін емтихан тапсырушының өзі таңдайды.

4.5. Жауапқа дайындық кезінде білім алушыға жауап конспектісін жасау үшін парақтар беріледі. Білім алушылардың Ауызша жауап дайындау уақыты 10 минутты құрайды.

Жауапты қорғау үшін білім алушы емтихан қабылдаушының алдында 5 минуттан аспай тапсырады.

4.6. Білім алушы тегі жарияланғаннан кейін билет бойынша өз жауабын бастайды. Әрбір сұрақ «Сұрақтар» қосымшасында көрсетілген ең жоғары балл негізінде бағаланады.

4.7. Емтихан қабылдаушы білім алушының білім деңгейін тереңірек анықтау мақсатында оған қосымша сұрақтар қоюға, сондай-ақ емтихан билетінің сұрақтары аясында тапсырмалар мен мысалдар ұсынуға құқылы.

4.8. Ауызша офлайн емтихан қабылдауда даулы мәселелерді шешу үшін емтихан хаттамасын жүргізе отырып, факультет деканының өкімімен кемінде 3 оқытушыдан (дәріскер, семинарист немесе оқу пәнінің бейініне сәйкес біліктілігі бар ОПК) тұратын емтихан комиссиясы құрылсын. Хаттамалар білім алушылардың барлық Ауызша емтихандарының тізімдемелерімен бірге деканатқа беріледі. Емтихан қабылдаушы емтихан аяқталғаннан кейін Univer жүйесінде оқу пәні бойынша электрондық емтихан тізімдемесіне балл енгізеді. Толтырылған тізімдеме емтихан өткізілген күні басып шығарылады, қол қойылады және деканатқа өткізіледі.

5. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

ПӘН: Лингводидактика және мәтін адаптациясы

Форма: Стандартты Ауызша offline.

Платформа: Univer АЖ

№	Бал	ДЕСКРИПТОРЫ				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
Критерий						
1 сұрақ	<i>Критерий 1.</i> Курстың теориясы мен тұжырымдама сын білу; сипаттау мен түсіндірудің қисындылығы	"Өте жақсы" деген баға сұрақтың толық ашылуын, әр тұжырым мен ойдың егжей-тегжейлі дәлелін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтардан құрастырылған тақырыптарының мысалдарымен расталған жауап үшін қойылады.	"Жақсы" деген баға сұрақтың барынша толық, бірақ терең емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдерін қамтитын жауап үшін қойылады, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігін бұзуға мүмкіндік береді. Жауапта стилистикалық қателіктер, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жауаптары үшін қойылады, негізгі ережелерді үстірт дәлелдейді, баяндамада композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді.	"Қанағаттанарлықсыз" деген баға қойылған мәселелерді дұрыс аспаған, қате дәлелдер, фактілік және сөйлеу қателіктері, дұрыс емес қорытынды жасағаны үшін қойылады.	"Қанағаттанарлықсыз" баға сонымен қатар негізгі ұғымдарды, теорияларды білмегені үшін; қорытынды бақылау ережелерін бұзғаны үшін қойылады.
	<i>Критерий 2</i> Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіндіру және растау.	Жауап мысалдармен суреттелген; сауатты ғылыми тілде баяндалған, барлық терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған және дұрыс ашылған.	Жауап нақты мысалдармен толық расталмаған. Кейбір дәлсіздіктер бар.	Студент теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардан алынған мысалдарымен дәйектемейді.	Оқу курсының негізгі түсініктері қате түсіндіріледі.	Студент курстың негізгі теориялық ережелерін мысалдармен растамайды.
2 сұрақ	<i>Критерий 3.</i> Таңдалған әдістеме мен	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткіліксіз	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана

	технологияны ауызша практикалық тапсырмаларға қолдану	ауызша жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу.	міндеттерін толық шешпей қойылған сұраққа толық емес, дәлелсіз жауап беру; курс бойынша ғылыми стиль нормаларын сауатсыз пайдалану.	бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	ойластырылған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер.	алмау; қорытынды және жалпылау жасай алмау. Қорытынды бақылауды жүргізу қағидаларын бұзу.
	<i>Критерий 4.</i> Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені шешу және мәнін ашу	Ғылыми ұғымдар қойылған тапсырманы шешуде еркін қолданылады, негізгі проблеманы логикалық және дәлелді түрде түсіндіреді.	Студенттің білімі бейімделген; жауаптар жеткіліксіз құрылымдалған, жауапта жетекші сұрақтың арқасында өздігінен түзете алатын фактілік қателер бар.	Ұсынылған материалдың мағынасы жоқ, пәнаралық байланыстар туралы түсінік жоқ.	Емтиханның мазмұны бойынша қосымша сұрақтардың көпшілігіне студентке жауап беру қиынға соғады немесе дұрыс жауап бермейді.	Студент материалды толық игерген жоқ. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
3 сұрақ	<i>Критерий 5.</i> Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және ауызша сыни талдау.	Ғылыми ережелер мен қолданылған әдістеме мен технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми стиль нормаларын сақтау, Материалды ұсынуда тұтастай дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін 1-2 дәлсіздікке жол беріледі.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктер бар	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, материалдар мен талдау құралдары пайдаланылмады.
	<i>Критерий 6.</i> Өз тәжірибесінен алынған нәтиженің негіздемесі.	Жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен, соның ішінде білім алушының өз тәжірибесінен алынған мысалдармен көрнектеледі.	Емтихан билеті мәселесі бойынша өз тәжірибесінен алынған нәтижені негіздей отырып, қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің және бағыттардың 3-4 ережелерін кейбір дәлсіздіктермен талдау	Оқу бағдарламасына сәйкес материалдың негізгі көлемін жеткіліксіз қолдану, оны жазабаша өз бетінше сипаттау кезінде қиындықтар туындайды.	Проблемалық сипаттағы сұрақтарға ауызша жауап беру кезінде қиындық туындайды.	Мысал келтіру кезінде курста оқылған әдістерді қолдану қабілетінің болмауы. Қорытынды бақылауды жүргізу қағидаларын бұзу.

Қорытынды баллды есептеу үлгісі

Критерий	Балл	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлы	Қанағаттанарлықсыз	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
Критерий 1		100				
Критерий 2			75			
Критерий 3				60		
Критерий 4					45	
Критерий 5		100				
Критерий 6					49	
Итоговий %		200	75	60	94	200+ 75 + 60 + 94 = 429 429 / 6 критерий = 71,5 Қорытынды балл (%) = 72

Есептеу кезінде алынған пайыздық көрсеткішке сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.

Қорытынды 72 балл, 70 баллдан 89 баллға дейінгі аралықта тұрған соң, бұл бағалау шкаласына сәйкес "Жақсы" санатына сәйкес келеді.

Осылайша, емтихан білім алушылардың оқу жетістіктерін оларды дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS-ке ауыстыра отырып есепке алудың балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесіне сәйкес 72 баллға, яғни "жақсы" деп бағаланады.

Декан

Жолдасбекова Б.Ө.

Кафедра меңгерушісі

Авакова Р.А.

Оқытушы

Исмайлова Н.А.

